*Республикалық ғылыми-әдістемелік, танымдық шығарылым*

«ТАҒЫЛЫМ» ЖУРНАЛЫНЫҢ 15 ЖЫЛДЫҚ

# АЛТЫН ҚОРЫ:

## ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУЛАР МЕН ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

100 ҮЗДІК МАҚАЛА

№05 (147) 2026

2025/2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ, ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУЛАР

«100 ҮЗДІК ПЕДАГОГ» *зерттеу бағыты бойынша*

*ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА*



**АЙДАРБЕК НҰРЗИЛА ПЕРДЕБЕКҚЫЗЫ,**
**«Ө.ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТ» КММ ДИРЕКТОРДЫҢ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ, ИНФОРМАТИКА ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ, ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ**

БАС РЕДАКТОР - МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ, АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ - МЕКТЕП ПЕДАГОГТАРЫ

«EDUNEWS.KZ» БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН ШЫҚҚАН ШЫҒАРЫЛЫМ →

EDUNEWS.KZ
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

EDUCATIONAL SCIENCES INDEX

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ**

*Редакция жетістігі: 15 жылдық тарих, 100 мыңнан аса публикация*

# ТАҒЫЛЫМ

**2011 жылдың наурызынан бастап шығады**

**VI - БӨЛІМ**

**№05 (147)**

**МАМЫР**
**2026 жыл**

EDUNEWS.KZ
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

EDUCATIONAL
SCIENCES
INDEX

*«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік мақалаларының базасында индекстеу жүргізіліп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады*

РЕДАКЦИЯ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ЖУРНАЛА
Электронная версия журнала
равнозначна бумажной версии
ТҮПНҰСҚА/ОРИГИНАЛ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ РЕДАКЦИЯСЫ
Басылымдық нұсқамен тең құқықта

**Басылым Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында №11349-ж тіркеу куәлігі берілген**

# МАЗМҰНЫ

**Балмаханов Мирхан Бахитович,** ........ **3**
*Бұйым өру* ........ *3*
**Шукурова Гулмира Ахметовна,** ........ **6**
*Идеяларды құру. Нобай* ........ *6*
**Темірхан Жаннұр,** ........ **8**
*Әлеуметтік педагогтың кәсіби даму аспектілері* ........ *8*
**Жубанова Алия Кайржановна,** ........ **11**
*Арман - мақсатқа апарар жол* ........ *11*
**Щур Олеся Николаевна,** ........ **12**
*Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу жобаларын дайындауда жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру* ........ *12*
**Камелхан Үміт,** ........ **15**
*Заманауи тәрбиеші – болашақтың бағдаршамы* ........ *15*
**Бигалиева Әдемі Молдамұратқызы,** ........ **16**
*«Еңлік – Кебек» поэмасы. Автор стилі* ........ *16*
**Койтанова Жаксылык,** ........ **18**
*Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамыту тәсілдері* ........ *18*
**Байбалакова Жанат Дангыловна,** ........ **21**
*Зерттеуге құштарлық – болашақ ғалымның негізі: студенттермен ғылыми жобалар жүргізудің маңызы* ........ *21*
**Касенова Гульнара Адиловна,** ........ **23**
*Қазіргі ғылымның перспективті салалары* ........ *23*
**Мусабек А. А,** ........ **26**
*Внедрение Искусственного интеллекта при решении биологических задач в образовательном процессе* ........ *26*
**Бактилеуова Газиза Нурлановна,** ........ **30**
*Балабақшадағы музыка жетекшісінің рөлі – баланың жан дүниесін тәрбиелеудің негізі* ........ *30*
**Нұрболқызы Жаннат,** ........ **31**
*Оқушыға бағытталған білім беру: сапалы нәтиженің кепілі* ........ *31*
**Сағынғалиева Толқын Ихсанқызы,** ........ **32**
*Мектептегі экологиялық тәрбие – табиғатты аялауға бастар жол* ........ *32*
**Бақытов Ырысбек Ахметұлы,** ........ **33**
*Дене шынықтыру пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды дәріптеу* ........ *33*
**Канынбаева Гулбану Куанбаевна,** ........ **34**
*Бастауыш сыныпта Stem-білім беру: Болашақ дағдыларын қалыптасырудың негізі* ........ *34*
**Колдауов Куанар Абдразакович,** ........ **36**
*Сабақтың тақырыбы: Табиғи жағдайда автономды өмір сүру* ........ *36*
**Курбанова Дилбар Абдурахманқызы,** ........ **38**
*Дыбыс. Дыбыстың сипаттамалары. Акустикалық резонанс. Жаңғырық* ........ *38*
**Исмайлова Каламкас Тойтановна,** ........ **43**
*Алматы – әсем қала* ........ *43*
**Салиев Аскар Бахтиёр угли,** ........ **45**
*Диаграмма* ........ *45*
**Тұрсынқұл Индира Әділқызы,** ........ **48**
*Ағылшын тілін оқытудағы белсенді әдіс – тәсілдер* ........ *48*
**Назарбек Бахаргүл,** ........ **50**
*Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі архетиптік образдар жүйесі* ........ *50*



**БАЙБАЛАКОВА ЖАНАТ ДАНҒЫЛОВНА,**
Алматы қаласы
«ALMATY POLYTECHIC COLLEGE» КМҚК
Арнайы пән оқытушысы

# ЗЕРТТЕУГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ – БОЛАШАҚ ҒАЛЫМНЫҢ НЕГІЗІ: СТУДЕНТТЕРМЕН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

Алматы мемлекеттік политехникалық колледжіне – 86 жыл: білім мен болашақтың алтын діңгегі! !! Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі – еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру саласында өзіндік орны бар, талай буынды тәрбиелеп, еңбекке баулыған іргелі оқу орны. Биыл бұл қара шаңырақ 86 жылдық мерейлі белесіне аяқ басып отыр. Колледж тарихында мыңдаған түлек еліміздің өндіріс, құрылыс, энергетика, экономика салаларында қажырлы еңбек етіп, мемлекеттің дамуына өзіндік үлес қосып келеді.

Колледж бүгінде техникалық, технологиялық және экономикалық бағыттарда мамандар даярлауда көшбасшы білім ордасына айналды. Колледж тарихында мыңдаған түлек еліміздің өндіріс, құрылыс, энергетика, экономика салаларында қажырлы еңбек етіп, мемлекеттің дамуына өзіндік үлес қосып келеді.

Мен 25-жылға жуық осындай қара шаңырақта арнайы пән оқытушысы ретінде қызмет етіп келемін. Колледждің жетістігі – оның білімді, білікті, ізденімпаз ұстаздар қауымы мен еңбекқор студенттерінің бірлескен еңбегінің жемісі. Ұжым оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізіп, дуалды оқыту жүйесін дамытып, халықаралық әріптестікті кеңейтіп отыр. Бұл – заман талабына сай сапалы маман даярлаудың кепілі. ҰКП «Атамекен» бизнес тренер 2018-2019-2021 жылдары бизнес тренер. 2022-2026 жылдары «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамның штаттан тыс тренерімін. Біліктілігім педагог зерттеуші.

«Мен кәсіпкермін» V-қалалық іскерлік экономикалық ойын 2015 жылы бизнес жобадан тақырыбы «Сүт және нан өнімдерін пайдалану» 3-орын. 2017 жылы «Робаоттар біздің болашағымыз» 2-орын, 2018 жылы 2-орын «Развивающий центр I-TECH», Халықаралық дамыту орталығында «Be Clever»бизнес жоба «Біз Қазақстанның болашығымыз» бірнеше студенттерім 1-2-3 дәрежелі дипломдармен марапаталды. 2019 жылы IX қалалық «Мен кәсіпкермін» іскерлік экономикалық ойынан «Сауда-саттық шоу бизнес» тақырыбында 1-орын 3курс студенті иеленді. 2025 жылы "Мен кәсіпкермін" қалалық Гранд турнирінде 1-орын алып Республикаға жолдама алса, "Қонақүй ісі, қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру" бағыты бойынша Республикадан 2-орын иеленген Ибрагим Фарида, Тлеуғазы Асқарды құттықтаймыз! !! Қалалық "Мен кәсіпкермін" қыздар арасында өткен Бизнес аруы-2026 сайынан 3-орын ИС24-2 тобы студенттері А. Ельгелдиева, Д. Әли, Ф. Ибрагим иеленді. Қазіргі қоғамда кәсіби білікті мамандарды даярлау – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Әсіресе экономика саласында зерттеушілік дағдылар мен талдау қабілеті жоғары мамандарға сұраныс артуда. Студентті ерте жастан ғылыми ізденіске баулу – оның болашақта табысты тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі экономикалық білім беру жүйесі студенттердің тек теорияны меңгеруімен шектелмей, олардың зерттеушілік қабілетін оятуды да талап етеді. Ғылыми жобалар – болашақ экономистердің кәсіби ойлауын, талдау қабілетін дамытуға ықпал ететін маңызды құрал.

Алматы қаласы Әуезов ауданының қолдауымен «Жастар бизнесі» 1-орын 2020-жыл. Республикалық гранд турнирге қатысып 2022-жылы 1-орын, жобасы «Money maker», Республикалық гранд турнирге қатысып 2023 жылы бағыты сауда

2-орын алғаны үшін Наурызбек Бекжан марапатталды. Қалалық кәсіпкерлер байқауына «Бизнес леды-2025» Болатбек Қарақат қатысты. Қалалық "Үздік тәлімгер-2025" сайысынан 1-орын Жағыпар Даниал мен Ибрагим Фарида жеңіске жетті. Қалалық студеттер арасында өткен Demo day жобалар сайысынан 3-орын Ерасыл Бекжан иеленді және 50-мың ақшалай сертификат берілді.

**Ғылыми жоба дегеніміз не және ол не үшін қажет?**

Ғылыми жобалар – студенттерге теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік беретін тиімді құрал. Бұл бағытта жұмыстану студенттің сыни ойлауын, проблемаларды талдай алуын, нақты шешім ұсыну

қабілетін дамытады. Экономист мамандығында зерттеу жүргізу – нарықтық ахуалды, қаржы жүйесін, инвестицияларды, тұтынушылық мінез-құлықты, кәсіпкерлікті зерттеу арқылы жүзеге асады. - Ғылыми жоба – нақты мәселені зерттеп, шешім ұсынуға бағытталған аналитикалық жұмыс. - Экономика саласында бұл бюджет, нарық, қаржылық жоспарлау, бизнес-жобалау сияқты бағыттарда іске асады.

Студенттермен ғылыми жобаларды жүргізудің маңызы:

- Зерттеушілік қабілетті дамытады;
- Нақты дерекпен жұмыс істеуді үйретеді;
- Теориялық білімді тәжірибемен ұштастырады;
- Ұсыныстар жасау арқылы экономика саласына нақты үлес қосуға мүмкіндік береді. Экономика мамандығы бойынша жобалардың түрлері:
- Нарық зерттеуі;
- Қаржылық тиімділік есебі;
- Бизнестің даму стратегиясы;
- Инвестициялық талдау.

**Оқытушының рөлі:**

Ғылыми бағыттаушы ретінде оқытушы студенттің қабілетіне қарай жоба тақырыбын анықтауға, зерттеу жоспарын құруға, материал жинақтап, нәтижесін қорғауға бағыт береді. Ынтымақтаса жұмыс жасау студент пен ұстаз арасындағы кәсіби сенімді нығайтады. Бағыт-бағдар беруші ментор ретінде студентке қолдау көрсету; - Зерттеу тақырыбын таңдауда көмектесу;

- Академиялық сауаттылықты қалыптастыру.

Қиындықтар мен оны шешу жолдары:

- Уақыт тапшылығы, тәжірибе аздығы – семинарлар, тренингтер арқылы шешуге болады.

Зерттеушілік қабілетті дамыту – бұл болашақ маманның өз саласына жаңаша көзқараспен қарауын қамтамасыз етеді. Ғылыми жоба студентті жауапкершілікке, дерекпен жұмыс істеуге, дәлелдеу мен сараптама жасауға үйретеді. Сонымен қатар, жоба жұмысы студенттің жеке қабілетін ашуға мүмкіндік береді, болашақ еңбек нарығына дайындығын күшейтеді.

**Экономика мамандығы бойынша жобалардың түрлері:**

Экономика бағыты студенттерінің ғылыми жобалары түрлі саланы қамти алады.

- Нақты саладағы нарықтық жағдайды зерттеу;
- Жеке кәсіп ашудың тиімділігін есептеу;
- Қазақстандағы салық жүйесінің тиімділігін сараптау;
- Инфляция, валюта бағамы, мемлекеттік бюджет тақырыптарын зерттеу.

Ғылыми жобада жетекші рөл оқытушыға тиесілі. Ол студентке бағыт-бағдар береді, қызықты тақырып таңдауға көмектеседі, зерттеу әдістемесін үйретеді. Сонымен қатар, студенттің жұмысын бақылап, түзетіп, оны байқаулар мен конференцияларға дайындайды. Жақсы ментор – жақсы нәтижеге жетудің кепілі.

**Қиындықтар мен шешу жолдары:**

Кейбір студенттерде ғылыми жобамен айналысуға қызығушылық төмен болуы мүмкін. Бұл — тәжірибе аздығы, уақыт тапшылығы немесе мотивация жетіспеушілігінен туындайды. Мұндайда ғылыми үйірмелер, семинар-тренингтер, үлгі боларлық табысты жоба мысалдары үлкен көмек бола алады. Кей студенттер ғылыми жұмысқа немқұрайлы қарауы мүмкін. Бұл қызығушылықтың, тәжірибенің, мотивацияның аздығынан болады. Мұндайда көрнекі мысал, марапаттар, жобалар көрмесі, конференциялар ынталандыру құралы бола алады.

**Қорытынды:**

Мерейтой – өткенге көз жүгіртіп, болашаққа нақты жоспар құратын жауапты кезең. Колледж бүгінгі таңда жаңа міндеттер мен межелерге бет түзеп, цифрлық білім беруді, жасанды интеллект элементтерін оқытуға енгізуді қолға алуда.85 жыл – бұл тарих. Бұл – қалыптасу, даму, өрлеу жолы. Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі алдағы уақытта да жастарды білім мен еңбекке баулып, еліміздің өркендеуіне қызмет ететін кәсіби мамандарды даярлай беретініне сенім мол.

Зерттеуге құштар студент – ертеңгі жаңашыл экономист. Оқу орнында ғылыми жобаларға белсенді қатысу – олардың кәсіби дамуына, логикалық ойлауына және өмірде нақты шешім қабылдау қабілетіне тікелей әсер етеді. Зерттеуге құштарлық – жай қызығушылық емес, кәсіби дамудың негізі. Экономика саласындағы студент ғылыми жоба арқылы шынайы өмірмен байланыс орнатып, нақты мәселелерді шешуге үйренеді. Сондықтан студенттермен ғылыми жобалар жүргізу – сапалы маман даярлаудың маңызды құралы.